

2021 жылғы 12-қантардағы
№03-01/02 Бұйрыққа
№1 қосымша

«НАРХОЗ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ-ДА
Санитариялық-эпидемиологиялық режимді қамтамасыз ету
РЕГЛАМЕНТІ

Алматы, 2021

МАЗМҰНЫ

Құжаттың паспорты.....	3
Келісу парағы.....	Ошибка! Закладка не определена.
1. Жалпы ережелер.....	Ошибка! Закладка не определена.
2. Университеттің ғимараттары мен үй-жайларына жіберу.....	5
3. Университеттің құрылымдық бөлімшелері жетекшілерінің жауапкершілігі	6
4. Оқу корпуслары мен Студенттер үйлеріндегі қызметті ұйымдастыру.....	7
5. Қорытынды ережелер	11

Құжаттың паспорты

Құжаттың атауы:	Регламент	
Қысқаша сипаттамасы:	Регламент эпидемиологиялық қамтамасыз ету анықтайды.	санитарлық- режимді процедурасын
Тақырыбы:	Санитарлық-эпидемиологиялық режим	
Статусы:		
Бекіту уақыты:		
Іс-әрекеттің аяқталу уақыты:		
Аудит уақыты:	Қажеттілік туындаған жағдайда	
Аудитке жауапты тарап:	Әкімшілік жұмыс жөніндегі проректор	

Келісу парағы

Академиялық қызмет жөніндегі проректор

С.Ы.Өмірзақов

Ректордың құқықтық мәселелер бойынша кеңесшісі

Л. Бисенғали

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Регламент «Нархоз университеті» КЕАҚ-да (әрі қарай – Университет) Санитариялық-эпидемиологиялық режимді қамтамасыз ету тәртібін анықтайды.

1.2. Регламент Университеттің білім алушылары мен қызметкерлері арасында коронавирустық инфекцияның таралу қаупінің алдын алу мақсатында, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің «Пайда болу және таралу қаупі төнген кезінде шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантин енгізілетін инфекциялық аурулардың тізбесін бекіту туралы» 2015 жылғы 25-ақпандағы №130 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің «Қазақстан Республикасының аумағында шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантин режимін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 20-наурыздағы №239 бұйрықтарына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеуге байланысты шектеу шаралары кезеңінде жоғары және ЖОО-дан кейінгі білім беру ұйымдарының оқу үдерісін ұйымдастыру жөніндегі» 13.08.2020 жылғы №345 бұйрығымен бекітілген әдістемелік ұсыныстарға (Білім және ғылым министрінің 28.12.2020 №548 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескеру жолымен), сонымен қатар Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің «Шектеу карантиндік іс-шаралары және оларды кезең-кезеңімен жеңілдету туралы» 25.12.2020 жылғы №68 Қаулысы мен Қазақстан Республикасының аумағында коронавирустық инфекцияның пайда болуы мен таралуына жол бермеу жөніндегі Ведомствоаралық комиссияның 24.12.2020 жылғы шешіміне сәйкес әзірленді.

1.3. Университеттің Адам ресурстарын басқару басқармасының Қауіпсіздік техникасы жөніндегі инженерімен бірлесе отырып, құрылымдық бөлімшелер, Мектептер, Ғылыми-білім беру департаменттері (әрі қарай – ҒББД), Орталықтар және Өзіндік білім беру бағдарламалары жетекшілерімен, барлық жұмыскерлерді толық қамту жолымен, COVID-19 коронавирустық инфекциясы кезінде эпидемияға қарсы іс-шаралар жүргізу бойынша нұсқаулық өткізуді қамтамасыз етуі қажет.

1.4. Университеттің құрылымдық бөлімшелері, Мектептері, ҒББД-рі, Орталықтары мен Өзіндік білім беру бағдарламаларының жетекшілері Университет студенттері мен қызметкерлері арасында COVID-19 коронавирустық инфекциясы таралуының алдын алу бойынша айына кемінде бір рет ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын тұрақты негізде жүргізгені дұрыс.

2. Университеттің ғимараттары мен үй-жайларына жіберу

2.1. Университеттің ғимараттары мен үй-жайларына рұқсат беруді жүзеге асыру кезінде Университеттің Қауіпсіздік басқармасы байланыссыз термометрді қолдану жолымен дене температурасын бақылауды, келушілердің (білім алушылар, қызметкерлер мен бөгде адамдардың) деректерін журналға тіркей отырып, Университет ғимаратына өткізуді іске асырады. FaceID

жүйесін қолданған жағдайда Университеттің Қауіпсіздік басқармасы Университеттің білім алушылары немесе қызметкерлері болып табылмайтын келушілерді тіркеу ісін жүзеге асырады.

2.2. Университеттің ғимараттары мен үй-жайларына кіруді жүзеге асыру барысында келесі тұлғалардың енуіне тыйым салынады:

- COVID-19 коронавирустық инфекциясымен ауыру жағдайы расталған адамдармен байланыста болған тұлғаларға;
- қатаң респираторлық аурулар белгілері бар (37,2 градустан жоғары температура, жөтел, мұрыннан су ағу және т.б.) тұлғаларға.

2.3. Университеттің қызметкерлері, білім алушылары мен қонақтары бетперделік (маскалық) режимді сақтауға міндетті. Университеттің ғимараттары мен үй-жайларына бір немесе бірнеше рет қолданылатын қорғаныштық медициналық бетпердесіз адамдардың кіруіне тыйым салынады. Сонымен бір мезгілде Университетте болған кезінде келушілер, Университеттің қызметкерлері бір немесе бірнеше рет қолданылатын қорғаныштық медициналық бетпердемен келуге міндетті. Білім алушылар сабақ уақытында аудиторияларда болуды қоса алғанда, бүкіл оқу үдерісі ішінде бір немесе көп рет қолданылатын қорғаныштық медициналық бетпердемен жүруге міндетті. Бетпердесіз келген студенттер аудиторияға жіберілмейді.

2.4. Осы Регламентте белгіленген ережелер бұзылған жағдайларда білім алушылар мен қызметкерлерге қатысты тәртіптік шаралар қолданылуы мүмкін.

3. Университеттің құрылымдық бөлімшелері жетекшілерінің жауапкершілігі

3.1. COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуын болдырмау мақсатында Университеттің жауапты құрылымдық бөлімшелері келесі жұмыстарды жүргізуі тиіс:

3.1.1. Университет қызметкерлері мен білім алушылары арасында айына кем дегенде бір рет жеке гигиена ережелерін сақтау және олардың мүлтіксіз сақталуын бақылау қажеттілігі туралы профилактикалық дәрістер өткізу, әрі презентациялық пен бейне-материалдарды корпоративтік электрондық пошта арқылы жіберу жолымен нұсқаулық өткізу. Нұсқаулықты өткізу журналын жүргізуге Адам ресурстарын басқару басқармасының бастығы, Қауіпсіздік техникасы жөніндегі инженер және Мектептер декандары жауапты болып табылады.

3.1.2. Дезинфекциялық, жугыш және антисептикалық құралдардың қажетті қорын бақылау, жеке қорғаныс құралдарын (бетперделер және т.б.) кәдеге жарату, жабдықтар мен инвентарды өңдеу, үй-жайларды тазартуға жауапты – Әкімшілік-шаруашылық басқармасы.

3.1.3. Қатаң респираторлық вирустық инфекциялар және т.б. ауруларға ерекше назар аудару жолымен қызметкерлердің жұмысқа шығу себебін анықтауға, журналда арнайы белгі қоя отырып, күнделікті мониторинг жүргізуге жауапты – Адам ресурстарын басқару басқармасының бастығы және Университеттің тиісті құрылымдық бөлімшесінің жетекшісі. Құрылымдық бөлімшелердің жетекшілерінде қатаң респираторлық вирустық инфекцияның белгілері анықталған жағдайда жауапты – Адам ресурстарын басқару басқармасының бастығы.

3.1.4. Білім алушының сабаққа қатыспауына күнделікті мониторинг жүргізу (сабақтар «офлайн» режимінде немесе аралас түрде өткізілген жағдайда), оның болмау себебін анықтауға жауаптылар – Мектептер декандары, ҒББД директорлары, білім беру бағдарламалары мен орталықтардың жетекшілері.

3.1.5. Ауруына байланысты болмаған адамдарды жұмысқа қайта жіберу тек еңбекке жарамсыздық парағы және COVID-19 коронавирустық инфекциясына ПЦР талдаудың теріс нәтижесі бар анықтама немесе ИХЛ тестілеу болғанда ғана жүзеге асыруға жауаптылар – Адам ресурстарын басқару басқармасының бастығы мен құрылымдық бөлімшенің жетекшісі, Мектеп деканы, ҒББД директоры, білім беру бағдарламалары мен орталықтардың жетекшілері.

3.1.6. Науқастану себебінен болмаған білім алушыларды сабаққа жіберу (сабақтар «офлайн» режимінде немесе аралас түрде өткізілген кезде) денсаулық жағдайы туралы анықтама болғанда ғана жүзеге асыруға жауаптылар – Мектеп деканы, ҒББД директоры, білім беру бағдарламалары мен орталықтардың жетекшілері.

3.1.7. Кварцтық және бактерицидтік шамдарды қолдана отырып, әрі оларға қоса берілген нұсқаулыққа сәйкес ауаны залалсыздандыруды жүзеге асыруға, сол сияқты кварцтық шамдарды, үй-жайларды міндетті түрде желдететін адамдар болмаған кезде, оларды пайдалану ережелерін қатаң сақтауды жүзеге асыруға жауапты – Әкімшілік-шаруашылық басқармасы.

3.1.8. Техникалық персоналдың жеке қорғаныш құралдарын (халат, колғап, медициналық бетперделер) және оңдеуге арналған сертификатталған құралдарды пайдалану жолымен дезинфекция жүргізуге жауапты – Әкімшілік-шаруашылық басқармасы.

3.1.9. Әкімшілік-шаруашылық басқармасы жинау инвентарын (шелектер, щеткалар, шүберектер және т.б.) күнделікті қоқыс пен кірден тазалауды қамтамасыз ету үшін арнайы бөлінген орындарда сақтауды қамтамасыз етуі тиіс.

3.1.10. Медициналық пункттердің жұмысы күшейтілген режимде сақталуын қамтамасыз етуге жауапты – «Медикер-Алатау» медициналық орталығы, «РСВЦ» медициналық орталығы .

3.1.11. Университетте жаппай іс-шаралар өткізуге тыйым салынады.

4. Оқу корпустары мен Студенттер үйлеріндегі қызметті ұйымдастыру

4.1. Оқу корпустарында:

4.1.1. Бір үй-жайда оқитын қызметкерлер бір-бірінен кемінде 1 метр қашықтықта болуы керек (әлеуметтік қашықтық пен бетперделік режимін сақтау жолымен), әр 2 сағат сайын жұмыс орындары мен үй-жайлар желдетілгені жөн.

4.1.2. Университеттің оқу корпустарының адамдар көп жиналатын орындарында, жүріп-тұру қарқындылығы байқалатын ресепшендердің алдында, еденде арнайы белгілер жасау немесе шектеуге ие бағандар қою жолымен әр адамға тиесілі орынды белгілеу арқылы әлеуметтік қашықтық анықталады және белгіленеді.

4.1.3. Әкімшілік-шаруашылық басқармасы күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтауды (кіреберіс, холлдар, лифтілер мен санитарлық бөлмелерге қолды өндеуге арналған, әрі терімен қапталған антисептигі бар санитайзерлерді орнату) қамтамасыз етуі қажет.

4.1.4. Оқу үдерісі офлайн режимде жүргізілген жағдайда «кабинеттік оқыту жүйесі» енгізіледі, бұл оқу аудиториясындағы отыратын орындар санын $\frac{1}{2}$ (максимумның 50%-ына) етіп, зигзаг түрінде отырғызуды және оқыту кезінде әлеуметтік қашықтықты сақтауды білдіреді.

Қолданбалы сипаттағы зертханалық және практикалық сабақтарды күндізгі форматта өткізу санитарлық режим мен 2 метрлік әлеуметтік қашықтық сақталған, әрі аудиториялардың толықтырылуы 40%-дан аспаған, сонымен қатар 1 адамға 5 ш.м. бөлінген жағдайда өткізілуі тиіс. Сонымен бір мезгілде студенттерде COVID-19, өкпе пневмониясы немесе басқа да вирустық аурулардың белгілері көрініс тапқан жағдайда, олардың өтініштерін тиісті Мектептің Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясының мәжілісінде қарау нәтижелері негізінде қашықтан оқыту форматында сабақ жүргізуді қамтамасыз ету керек.

65 жастан асқан адамдар мен ауруы бойынша диспансерлік есепте тұрған тұлғаларға еңбек қызметін жүзеге асыру кезінде олардың Университет аумағында жүріп-тұруын шектеу ұсынылады. Бұл талап сабақтар кестесін жасау және осы қызметкерлер орындайтын міндеттер шеңберін айқындау кезінде ескерілуі тиіс.

Әр түрлі академиялық топтардың үзілістерде шамадан тыс жиналмауын қамтамасыз ету үшін ауысулардың жылжымалы кестесі белгіленеді (мысалы, бір лек сабағының басталуы 09:00-де десек, басқасынікі – сағат 09:15-те). Жылжымалы кестеде аудиторияларды санитариялық өндеуді, ауаны залалсыздандыру мен желдетуді қоса алғанда, жүргізу үшін оқу сабақтары арасында кемінде 20-25 минуттық үзіліс көзделеді.

4.1.5. Әр сабақтан кейін аудиторияларды міндетті түрде желдету және кварцтеу (оқытушы сабақ аяқталғаннан кейін бактерицидтік шамды қосады және өзі де аудиториядан кетеді), ал келесі сабақ басталар алдында оны өшіріп, 5 минуттық желдетуді іске асырады. Оқытушылар сабақ аяқталғаннан кейін аудиториялардың уақытылы босатылуын бақылауды қамтамасыз етуі қажет.

4.1.6. Клинингтік компания оқу үдерісі офлайн режимде жүргізілген жағдайда дезинфекциялық құралдарды қолдану жолымен ылғалды тазалауды, үстіңгі қабаттарды (адамдар көп жиналатын жерлер, сондай-ақ таяныштар, есік тұтқалары және т.б.) және жалпы пайдалану орындарын (холлдар, дәліздер) өндеуді күніне кем дегенде 4 (төрт) рет, ал санитарлық бөлмелерді кестеге сәйкес әрбір 1,5 сағат (90 минут) сайын тазалау жүргізеді. Сабақтар онлайн режимде өткізілген жағдайда дезинфекциялау құралдарын қолдану жолымен ылғалды тазалау, беткі жақтарын (сүйеніштер мен есік тұтқалары) және жалпы пайдалану орындарын (холлдар, дәліздер) өндеу ісін күніне кем дегенде 2 (екі) рет жүргізіледі, санитариялық бөлмелерді тазалау кестеге сәйкес әрбір 2 (екі) сағат сайын жүргізілуі керек.

4.1.7. Дезинфекциялау үшін вирусқа қарсы тиімділікке ие құралдар, оларға қоса берілген нұсқаулықтарды қатаң сақтау жолымен, әрі вирустық инфекциялар кезінде дезинфекциялау

режимдері көрсетілген ретте қолданылады. Дезинфекциялау құралдарының жұмыс ерітінділерін дайындау арнайы бөлінген орында жүзеге асырылуы және тиісті журналда тіркелуі тиіс.

4.1.8. Университет аумағында орналасқан тамақтандыру нысандарының жұмыс алгоритмі Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 25.12.2020 №67 Қаулысының 21-қосымшасына сәйкес жүзеге асырылуы қажет.

4.2. Университеттің Студенттер үйлерінде:

4.2.1. Білім алушыларды бөлмелердің жоспарлы толықтырылуынан 50%-дан артық емес, төсек-орны кем дегенде 6 шаршы метрден тұратын етіп орналастыру керек. Студенттер Үйіне орналасу үшін білім алушы коронавирустық инфекцияға қатысты тесттің теріс нәтижесі бар анықтамасын ұсынуға міндетті.

4.2.2. Университеттің Қауіпсіздік басқармасы арнайы журналда керекті деректерді белгілеу жолымен барлық тұрғындар мен қызметкерлердің дене температурасын бақылауды жүзеге асыруды қамтамасыз етуі қажет.

4.2.3. Ауру белгілері бар (37,2 градустан асатын жоғары температура, жөтел және т.б.) тұлғалардың Студенттер үйлеріне кіруіне тыйым салынады.

4.2.4. Бір немесе бірнеше рет пайдаланылатын қорғаныштық медициналық бетпердесіз тұлғаларды Студенттер үйлерінің аумағына кіргізуге және олардың аумағында болуына тыйым салынады.

4.2.5. Студенттер үйлерінде тұратын, сол сияқты еңбек қызметін жүзеге асыратын білім алушылар мен қызметкерлер (оның ішінде күзет агенттігінің қызметкерлері, коменданттар, техникалық персонал және т.б.) үй-жайларды 2 сағатта кем дегенде бір рет желдетудің міндетті талаптарын, әрі әлеуметтік қашықтық шараларын (1 метрден кем емес) сақтауы және оларды қатаң ұстануы тиіс.

4.2.6. Клинингтік компания сертификатталған дезинфекциялау құралдарын қолдану жолымен жалпы пайдалану орындарын ылғалды тазалауды, күніне кем дегенде 3 (үш) рет үстіңгі қабаттарды өңдеуді, сертификатталған дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, кестеге сәйкес әрбір 1,5 сағат (90 минут) сайын жалпы пайдаланудағы санитариялық бөлмелерді ылғалды тазалауды жүргізеді.

4.2.7. Жатақханада тұрушылар күн сайын ылғалды тазалау мен жуу ісін жүргізуі және дезинфекциялау құралдарын қолдану жолымен бөлмелерді күніне кем дегенде 1 рет дезинфекциялаудан өткізуі тиіс.

4.2.8. Тұрғындардың гигиена ережелерін сақтауын бақылау ісі жатақханалар коменданттарына жүктеледі.

4.3. Қызметкер ауырып қалған жағдайда келесі әрекеттерді орындау қажет:

- сырқаттанған адамды медициналық қызметкердің қарауы үшін медициналық пунктке (изоляторға) қалған қызметкерлерден бөлектеп оқшаулау;

- медициналық пунктте қарап-тексергеннен кейін жұмыскерді жеке қорғаныш құралдарымен (бетперде, қолғап және т.б.-мен) алдын ала қамтамасыз ету жолымен үйіне жіберген жөн. Егер науқаста ОРВИ белгілері немесе коронавирус сынағы расталған болса, онда жедел жәрдем шақыру керек. Науқастармен байланыста болған барлық қызметкерлер тұрғылықты жері немесе тіркелген жері бойынша медициналық мекемеге жіберіліп, 14 күн карантинге міндетті түрде оқшауланғаны дұрыс;

- медициналық мекемеде медицина қызметкері ауырған қызметкердің емделу орнын тұрғылықты жері бойынша немесе стационарда деп анықтайды. Жұмыс беруші үшін адамның мамандарға жүгінуі өте маңызды, сондықтан оны жағдайдың ауырлығы туралы хабардар ету керек. Егер медицина қызметкері «Коронавирустық инфекциялық диагнозға ие қызметкерді ауруханаға жатқызудың қажеті жоқ» деп шешсе, онда медициналық мекеме оған науқас парағын береді және міндетті түрде өзін-өзі оқшаулау туралы Ұсыныс/Қаулыны қолына ұстатады;

- қызметкер болған бөлмені дезинфекциялау ісін жүргізу керек;

- санитарлық-эпидемиологиялық қызметке және Университет бірлесіп жұмыс істейтін медициналық мекемеге коронавирустық инфекциямен ауыру фактісі туралы хабарлау және онымен байланысқан барлық қызметкерлердің тізімін дайындау керек. Ауру анықталғанға дейінгі соңғы 3 күн ішінде науқас адаммен байланыста болған адамдардың тізімін қызметкердің өзі ұсынғаны жөн;

- оқшаулау кезеңінде қызметкерлермен еңбек қатынастарын, мысалы, еңбек демалысы, уақытша еңбекке жарамсыздық, бос тұрып қалу және қашықтан жұмыс жасау түрлері бойынша рәсімдеу қажет.

4.4. Алматы қаласы мен жақын аудандарда тұратын білім алушы ауырып қалған жағдайда келесі әрекеттерді орындау қажет:

- сырқаттанған адамды қалған білім алушылардан медициналық қызметкердің қарауы үшін медициналық пунктке (изоляторға) оқшаулау;

- медициналық пунктте қарап-тексергеннен кейін жұмыскерді жеке қорғаныш құралдарымен (бетперде, қолғап және т.б.-мен) алдын ала қамтамасыз ету жолымен үйіне жіберген жөн. Егер науқаста ОРВИ-дің аса айқын белгілері немесе коронавирус сынағы расталған болса, онда жедел жәрдем шақыру керек. Науқастармен байланыста болған барлық қызметкерлер тұрғылықты жері немесе тіркелген жері бойынша медициналық мекемеге жіберіліп, 14 күн карантинге міндетті түрде оқшауланғаны дұрыс;

- медициналық мекемеде медицина қызметкері ауырған қызметкердің емделу орнын тұрғылықты жері бойынша немесе стационарда деп анықтайды. Егер медицина қызметкері «Коронавирустық инфекциялық диагнозға ие қызметкерді ауруханаға жатқызудың қажеті жоқ» деп шешсе, онда медициналық мекеме оған науқас парағын береді және міндетті түрде өзін-өзі оқшаулау туралы Ұсыныс/Қаулыны қолына ұстатады;

- бөлмелерді дезинфекциялау ісін жүргізген дұрыс;

- санитарлық-эпидемиологиялық қызметке және Университет бірлесіп жұмыс істейтін медициналық мекемеге коронавирустық инфекциямен ауыру фактісі туралы хабарлау және онымен байланысқан барлық қызметкерлердің тізімін дайындау керек. Ауру анықталғанға дейінгі соңғы 3 күн ішінде науқас адаммен байланыста болған адамдардың тізімін қызметкердің өзі ұсынғаны жөн;

- Егер білім алушы ауырып қалса және оқи алмаса, әрі науқаспен байланыста болған жағдайда, оқшаулау (изоляция) кезеңіне Мектеп деканының өкімі бойынша еңбекке уақытша жарамсыздық мезгілін рәсімдеген жөн. Қашықтан оқыту форматына не, әрі науқастанып қалған білім алушының және онымен байланыста болған тұлғалардың өтініші негізінде Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның шешімімен қашықтан оқуды жалғастыруға мүмкіндік беру қажет.

4.5. Университеттің Студенттер үйлерінде тұратын білім алушы ауырып қалған жағдайда келесі әрекеттерді орындау қажет:

- сырқаттанған адамды қалған білім алушылардан медициналық қызметкердің карауы үшін медициналық пунктке (изоляторға) оқшаулау;

- Егер білім алушыда ОРВИ-дің аса айқын белгілері немесе коронавирус сынағы расталған болса, онда жедел жәрдем шақыру керек;

- науқаспен байланыста болған барлық адамдар өз бөлмелерінде оқшаулануы немесе медициналық мекемеге жіберілуі керек;

- медицина қызметкері сырқаттанған адамды емдеу орнын, яғни үйде немесе стационарда емделетінін анықтайды. Егер медицина қызметкері «Коронавирустық инфекциялық диагнозға ие қызметкерді ауруханаға жатқызудың қажеті жоқ» деп шешсе, онда медициналық мекеме оған науқас парағын береді және міндетті түрде өзін-өзі оқшаулау туралы Ұсыныс/Қаулыны қолына ұстатады;

- бөлмелерді дезинфекциялау ісін жүргізген дұрыс;

- санитарлық-эпидемиологиялық қызметке коронавирустық инфекциямен ауыру фактісі туралы хабарлау және онымен байланысқан барлық қызметкерлердің тізімін дайындау керек. Ауру анықталғанға дейінгі соңғы 3 күн ішінде науқас адаммен байланыста болған адамдардың тізімін қызметкердің өзі ұсынғаны жөн;

- Егер білім алушы ауырып қалса және оқи алмаса, әрі науқаспен байланыста болған жағдайда, оқшаулау (изоляция) кезеңіне Мектеп деканының өкімі бойынша еңбекке уақытша жарамсыздық мезгілін рәсімдеген, әрі қашықтан оқыту форматына көшірген жөн.

5. Қорытынды ережелер

5.1. Осы Регламент Университет Ректорының Бұйрығы бойынша бекітіледі.

5.2. Осы Регламенттің әрекет ету мерзімі шектелмеген.

5.3. Аудитке жауапты адам – Әкімшілік жұмыс жөніндегі проректор.